



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көш 1, тел: 73-2-00
030900, Актобинская область, Уилский район, село Каракемер, ул. Ынтымақтастық 1, тел: 73-2-00
e-mail: karakemer.mbb@mail.ru

Қаракемер мектеп – балабақшасы бойынша

Бұйрық №48§2н/к

31 тамыз 2023 жыл

Қаракемер ауылы

**2023-2024 оқу жылының
сабақ кестесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы № ҚР ДСМ№ 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» негізінде және оқулықтардың салмағын есептеуге арнайы құрылған жұмысшы топ отырысының (хаттама №1. 25.08.2023ж) шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Аталған санитариялық қағиданың 5 тарау 71-76 тармақшаларына сәйкес 2023-2024 оқу жылындағы 1-9 сыныптардың оқу портфелінің немесе аспалы сөмкенің (рюкзактың) салмағынсыз күн сайынғы оқу жиынының (оқулықтар, ОӘК және жазу құралдары) гигиеналық нормативтерін ескере отырып құрылған сабақ кестесі бекітілсін. (қосымша-1) Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет.
2. Оқу жоспарындағы вариативтік компоненттердегі элективтік курстар күнделікті сабақ кестесіндегі жүктемелердің нормадан аспауына байланысты апталық сабақ кестесіне енгізілсін.
3. Сабақтан тыс ұйымдастырылатын спорттық секциялар мен қосымша үйірмелерді өткізу кестесі бекітілсін. (қосымша-2)
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ұ.Б.Қарабатыроваға және Г.Қ.Доскалиеваға жүктелсін.

Мектеп – балабақша директоры:



Б.М.Ескалиева

Таныстым:  ОІЖО-Қарабатырова Ұ.Б.

 ТІЖО-Доскалиева Г.К.